

**Қазақстан Республикасы жедел медициналық жәрдем қызметінің 2024 жылдың 12 айына қызметін талдау.**

Жедел медициналық жәрдем қызметі (бұдан әрі – ЖМЖ) 20 дербес станциядан, 96 қалалық қосалқы станциядан және 195 аудандық бөлімшеден тұрады.

Облыстық / қалалық ЖМЖ станцияларында бір ауысымда **ЖМЖ 1 499 көшпелі бригадасы** жұмыс істейді, оның ішінде 269 (17,9%) мамандандырылған (дәрігерлік) және 1 230 (82,1%) фельдшерлік бригада. ЖМЖ станцияларының дәрігерлік және фельдшерлік бригадаларының арақатынасы **18/82** құрайды. Есепті кезеңнің қорытындысы бойынша ЖМЖ қалалық бөлімшелерінде 914 бригада, ауданда 585 бригада жұмыс істейді.

Республика бойынша жеделділіктің 4 санатындағы шақыруларға қызмет көрсету үшін **МСАК ұйымдары жанындағы ЖМЖ бөлімшелерінде 454 бригада жұмыс істейді**, оның ішінде қалалық бөлімшелерде 259 бригада, аудандық бөлімшелерде 195 бригада жұмыс істейді.

**МСАК ұйымдары жанындағы ЖМЖ бөлімшелері бригадаларының саны**

<b>№</b>	<b>Өңірлер</b>	<b>МСАК ұйымдары жанындағы ЖМЖ</b>
1	Абай обл.	6
2	Ақмола обл.	24
3	Ақтөбе обл.	37
4	Алматы обл.	39
5	Атырау обл.	10
6	ШҚО	23
7	Жамбыл обл.	31
8	Жетісу обл.	7
9	БҚО	22
10	Қарағанды обл.	34
11	Қостанай обл.	24
12	Қызыорда обл.	29
13	Маңғыстау обл.	21
14	Павлодар обл.	4
15	СҚО	12
16	Түркістан обл.	75
17	Ұлытау обл.	4
18	Шымкент қ.	26
19	Алматы қ.	4
20	Астана қ.	23
	<b>ҚР</b>	<b>454</b>

### Кадрлар:

ЖМЖ қызметінің кадрлармен қамтылуы **86,8%** құрады (2023 ж. 12 ай – 91,7%). Есепті кезеңде дәрігерлік кадрлармен жасақталу 6,2 % - ға кеміді және 75,8% құрады (2023 ж. 12 айы - 82%), орта медицина қызметкерлерімен жасақталу 4,4% - ға кеміді және 88,7% құрады (2023 ж.12 ай – 93,1%).

ОЖМЖС-ті дәрігерлік кадрлармен жасақтаудың төмен деңгейі Ақтөбе (47,1%), Жетісу (23,6%), Батыс Қазақстан (47,1%), Қарағанды (54,9%), Қостанай (45%), Маңғыстау (68,5%), Ұлытау (29,2%) облыстарында және Алматы (72,5%), Астана (72,5%) қалаларында байқалады.

### Ақпараттық жүйелер

Астана, Алматы, Шымкент қалаларында және 17 облыста шақыруларды басқарудың автоматтандырылған жүйесімен (АБЖ) жарақтандыру деңгейі 100% құрайды.

№ р/с	Өңірлер	АБЖ түрі
1	Абай обл.	КОМЕК
2	Ақмола обл.	КОМЕК
3	Ақтөбе обл.	SMART 103
4	Алматы обл.	КОМЕК
5	Атырау обл.	КОМЕК
6	ШҚО	КОМЕК
7	Жамбыл обл.	КОМЕК
8	Жетісу обл.	КОМЕК
9	БҚО	SMART 103
10	Қарағанды обл.	SMART 103
11	Қостанай обл.	КОМЕК
12	Қызылорда обл.	КОМЕК
13	Маңғыстау обл.	КОМЕК
14	Павлодар обл.	КОМЕК
15	СҚО	КОМЕК
16	Түркістан обл.	КОМЕК
17	Ұлытау обл.	SMART 103
18	Шымкент қ.	АРМАКОМ
19	Алматы қ.	КОМЕК
20	Астана қ.	КОМЕК

### Санитариялық автокөлік. Медициналық жабдықтар.

Бүгінгі таңда ЖМЖС теңгерімінде **2 418 бірлік санитариялық автокөлік бар**, оның ішінде **1 531 бірлік қалада және 887 бірлік ауылдық жерде**. ЖМЖС-ның теңгерімінде бар ЖМЖ автокөліктерінің **2 115-сі жүріп тұрған**, бұл 87,5% құрады.

Санитариялық автокөлік кластары туралы ақпарат мынадай:

**А Класс** – 420 бірлік, оның ішінде қалада 240 бірлік және 180 бірлік ЖМЖ аудандық бөлімшелерінде;

**В Класс** – 1 320 бірлік, оның ішінде қалада 760 бірлік және 560 бірлік ЖМЖ аудандық бөлімшелерінде;

**С Класс** – 680 реанимобиль, оның ішінде қаладағы 535 реанимобиль ЖМЖ аудандық бөлімшелерінде 145 реанимобиль.

2024 жылдың 24 айына санитариялық автокөліктің тозуы 16,2%-ға артып, 60,4% құрады (2023 ж. 12 айы – 44,2%). Жоғары тозу Абай (73,5%), Ақмола (64%), Атырау (69,1%), Шығыс Қазақстан (63%), Жетісу (55,3%), Батыс Қазақстан (86%), Қарағанды (58,7%), Қостанай (70,2%), Қызылорда (65,5%), Маңғыстау (75%), Павлодар (74,2%), Солтүстік Қазақстан облыстарында облыстарда (62,3%) және Астана (69%), Алматы (55,7%), Шымкент (75%) қалаларында байқалады.

2024 жылдың 12 айында 134 санитарлық автокөлік сатып алынды, оның 118-і жергілікті бюджеттен, 10-ы республикалық бюджеттен, 6-ы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік есебінен алынды.

### Санитариялық автокөлік

Өңірлер	Республикалық бюджет	Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік	Жергілікті бюджет	Барлығы
Абай обл.			3	3
Ақмола обл.			25	25
Қызылорда обл.			16	16
Маңғыстау обл.		6		6
Түркістан обл.			13	13
Алматы қ.			48	48
Астана қ.	10		12	22
<b>ҚР</b>	<b>10</b>	<b>6</b>	<b>118</b>	<b>134</b>

Санитариялық автокөлікті GPS навигациясымен жабдықтау 97,8% құрайды. Медициналық жабдықтармен жарақтандыру 2024 жылдың 12 айында қалада 98,8%, ауылдық жерлерде 98,1% (2023 жылы 12 айда қалада 98,8%, ауылдық жерлерде 98,0%) құрады.

### 2023 – 2024 жылдар кезеңіндегі сапалық көрсеткіштерді талдау.

2024 жылдың 12 айында қоңыраулар саны **0,4%-ға кеміп, 8 531 652 шақыртуды** құрады (2023 жылы 12 айда – 8 568 761). Есепті кезеңде 1000 тұрғынға шақырту 416,9 құрады (2023 жылы 12 айда – 427,6).

Жеделділік санаттары бойынша 12 айға шақыртулардың құрылымы мынадай:

- жеделділіктің **1-санаттағы** шақырулардың үлесі **0,1%-ға** шамалы азайды және есепті кезеңде **418 879** шақыруды (4,9%) құрады (2023 жылы 12 айда – 424 917 (5,0%). Жеделділіктің 1 санатындағы шақырулардың артуы Ақтөбе

облысында 0,2% - ға, Алматы облысында 0,5% - ға, Атырау облысында 0,1% -ға, Жетісу облысы 0,2% -ға, Қарағанды облысы 0,3% -ға, Қостанай облысы 0,2% - ға, Солтүстік Қазақстан облысында 0,2% - ға, Ұлытау облысы 0,3% -ға, Шымкент қаласында 0,2% -ға, Астана қаласында 0,2% - ға байқалады;

- жеделділіктің **2-санаттағы** шақырулардың үлесі 1,9% - ға **ұлғайды** және есепті кезеңнің 12 айында **2 537 064** шақыруды (29,7%) құрады. 2023 ж. 12 айында – 2 381 210 (27,8%). Жеделдіктің 2- санатындағы шақыртулардың Абай облысында 3%, Ақмола 2,9%, Ақтөбе 1,5%, Атырау 1,6%, Жамбыл 2,8%, Жетісу 4,7%, Батыс Қазақстан 1,1%, Қарағанды 2,9 %, Қостанай 2,8%, Қызылорда 2,3% , Маңғыстау 2,3%, Солтүстік Қазақстан 1,6%, Түркістан 1%, Ұлытау облыстарында 3,5%, Астана 2,7%, Алматы 2,1%, Шымкент 1,3% қалаларында ұлғаюы байқалады;

- жеделділіктің **3-санатындағы** шақыртулардың үлесі **1,5%** - ға азайды және есепті кезеңде **2 467 344** шақыруды (28,9%) құрады. 2023 ж. 12 айында – 2 608 014 (30,4%). Павлодар облысында жеделділіктің 3-санатына шақырту 3,8% - ға, Алматы қаласында 0,4% -ға артқаны байқалады;


- жеделділіктің **4 - санатындағы** шақыртулардың үлесі **0,4%** – ға кеміді, қоңыраулар саны-**3 108 365** (36,4%), 2023 ж. 12 айында – 3 154 620 (36,8%).

**ЖМК** станцияларының бригадалары қызмет көрсеткен жеделдіктің **4-санатындағы** шақырулардың үлесі 0,1% - ға кеміді және **914 812** шақыруды (29,4%) құрады. 2023 ж. 12 айында- 924 751 (29,3%).

4-санаттағы шұғыл шақырулардың ең көп санына Абай (72,1%), Атырау (53,0%), Жетісу (80,5%), Павлодар (49,9%), Ұлытау облыстары (50%) және Алматы (76,0%) қаласында ЖМК бригадалары қызмет көрсетті.

МСАК ұйымдастыру кезінде ЖМК бригадалары қызмет көрсеткен жеделдіктің 4 санатындағы шақырулардың үлесі **0,1%** - ға азайды және **2 193 553** шақыруды (70,6%) құрады. 2023 ж. 12 айында – 2 229 869 (70,7%).

### Сырқаттанушылық құрылымы бойынша шақырулар саны



Есепті кезеңде республика бойынша ШМК бригадасы 8 531 652 шақыртулары келесі нозологиялардан тұрады:

- бірінші орында - 2 013 027 (23,6%) тыныс алу ағзаларының аурулары;
- екінші орында – 1 571 561 (18,4%) ҚЖА;
- үшінші орында - 1 497 663 (17,6%) басқа аурулармен шақыру;
- төртінші орында - 812 112 (9,5%) неврологиялық аурулар;
- бесінші орында – 809 540 (9,5%) жарақат, жазатайым оқиғалар және улану, оның ішінде ЖКО - 48 948 (0,6%);
- алтыншы орында - 592 981 (7,0%) асқазан-ішек жолдарының аурулары;
- жетінші орында – 446 570 (5,2%) қоңырау акушерлік практикадағы кезек күттірмейтін жағдайлар және гинекологиялық аурулар;
- сегізінші орында – инфекциялық аурулармен 411 749 (4,83%) шақыру;
- тоғызыншы орында - 208 253 (2,4%) іш қуысының жедел хирургиялық ауруларымен шақыру;
- оныншы орында – 168 196 (2,0%) зәр шығару жолдарының аурулары.

2024 жылдың 12 айының қорытындысы бойынша **кеш орындалған шақырулардың үлесі 0,7% - ға артып, 403 082 (4,7%)** құрады (2023ж. 12 айында – 343 179 (4,0%)).

Кешігудің жоғары деңгейі Алматы (10,2%), Атырау (5,3%), Маңғыстау облыстарында (13,0%) және Астана (20,4%), Алматы (7,2%) қалаларында байқалады.

Шұғыл санаттар тізімі бойынша 2024 жылдың 12 айында кешігіп жасалған қоңыраулар 2023 жылдың 12 айымен салыстырғанда келесідей көрінеді:

Жеделдік санаты	2023 жылы (%)	2024 жылы (%)
1-санат бойынша	7,7%	6,7%
2 -санат бойынша	5,6%	5,2%
3 -санат бойынша	3,0%	5,5%
ЖМЖС бригадалары қызмет көрсеткен 4-санат бойынша	3,9%	5,1%
МСАК жанындағы ЖМЖ бригадалары қызмет көрсеткен 4-санат бойынша	2,7%	2,8%

2024 жылдың 12 айында емдеуге жатқызуға дейінгі өлім-жітім көрсеткіші **0,01% - ға көтеріліп, 0,47% -ні** құрады (2023ж. 12 айында - 0,46%). Республикалық деректерден жоғары емдеуге жатқызуға дейінгі өлім-жітім көрсеткіші Ақмола (0,50%), Алматы (0,87%), Жамбыл (0,50%), Жетісу (0,49%), Қостанай (0,73%), Павлодар (0,58%), Солтүстік Қазақстан (0,57%), Түркістан (0,62%) облыстары және Шымкент (0,59%) қаласында байқалады.

Емдеуге жатқызуға дейінгі өлім-жітімнің өсуі Ақмола облысында 0,09% -ға, Ақтөбе облысында 0,03% -ға, Алматы облысында 0,32% -ға, Жетісу 0,03% -ға, Батыс-Қазақстан облысы 0,01% -ға, Қызылорда облысында 0,02% -ға, Павлодар облысында 0,02% -ға, Солтүстік Қазақстан облысында 0,08% -ға, Түркістан облысы 0,03% -ға және Астана қаласында 0,07% -ға, Шымкент қаласында 0,03% -ға орын алады.

Емдеуге жатқызуға дейінгі өлім-жітімнің төмендеуі Абай облысында 0,02% -ға, Атырау облысында 0,02% -ға, Жамбыл облысында 0,20% -ға, Шығыс-Қазақстан облысы 0,04% -ға, Қарағанды облысында 0,03% -ға, Қостанай облысында 0,23% -ға, Маңғыстау облысында 0,01% -ға, Ұлытау облысында 0,03% -ға және Алматы қаласында 0,08% -ға орын алады.

**Сәтті реанимация көрсеткіші 6,1% -ға артып**, есепті кезеңде **53,1%** -кұрады (2023 ж. 12 айында – 47,0%). Республикалық деректерден жоғары табысты реанимация көрсеткіші Абай (86,7%), Ақтөбе (74,1%), Шығыс Қазақстан (68,8%), Жамбыл (73,9%), Батыс-Қазақстан облысы (53,7%), Қызылорда (70,0%), Маңғыстау (100%), Павлодар (76,9%), Солтүстік Қазақстан (66,7%), Түркістан (69,0%), Ұлытау облыстары (57,1%) және Шымкент (77,1%), Алматы (57,5%), Астана (61,4%) қалаларында көрсетілген.

Бұл көрсеткіштің төмен деңгейі Ақмола (50,0%), Алматы (32,1%), Атырау (33,3%), Жетісу (44,3%), Қарағанды (32,6%), Қостанай облыстарында (35,5%) байқалады.

Шақыруды қабылдаудан бастап **ЖМЖ бригадасына бергенге дейінгі орташа шақыру уақыты** жеделдіктің 1-санаты бойынша 1,3 минутты, жеделдіктің 2-санаты бойынша – 2,4 минутты, жеделдіктің 3 санаты бойынша – 5,3 минутты, 4 санат бойынша – 10,1 минутты құрайды. ЖМЖ бригадасына «103» шақырту түскен сәттен бастап пациентке **жеткенге дейінгі орташа уақыт** жеделдіктің 1-санаты бойынша – 8,7 минут, жеделдіктің 2 санаты бойынша – 12,4 минут, жеделдіктің 3 санаты бойынша – 18,6 минут, 4 санат бойынша – 25,0 минут.

ЖМЖ бригадасының шақыруында болу уақыты жеделдіктің 1-санаты бойынша - 27,6 минут, жеделдіктің 2-санаты бойынша – 28,7 минут, 3 санат – 24,6 минут және 4 санат бойынша – 22,8 минут.


### **2024 жылдың 12 айындағы жарақаттар, оның ішінде ЖКО, жіті миокард инфарктісі және инсульт кезінде медициналық көмек көрсетудің интеграцияланған моделін үйлестіру кеңесі бойынша талдау.**

#### **ЖКО:**

Ұсынылған деректер бойынша республика бойынша 2024 жылдың 12 айында ЖМЖ бригадалары **жарақат бойынша 741 728** шақыруға қызмет көрсетті (2023 ж. 12 айында. – 764 345). 2024 жылдың 12 айында **ЖКО бойынша** ЖМЖ шақыруларының саны республика бойынша **47 814** шақыртуды

құрады, оның ішінде қалада – 34 611 (72,3%), трассада – 6 420 (13,4%) және ауылдық жерлерде – 6 783 (14,1%).

### Өңірлер бойынша ЖКО үлес салмағы, %



Республикалық көрсеткіштен жоғары ЖКО бойынша шақырту деңгейі Алматы (7,1%), Жамбыл (7,4%), Атырау облыстары (7,5%) және Алматы (7,5%) және Шымкент (10,8%) қалаларында байқалады.

Сонымен қатар, бірқатар өңірлерде ЖКО бойынша шақыртулар санының өсуі байқалады: Абай облысында 1 %, Ақмола облысында 0,9%, Шығыс Қазақстан облысында 0,7%, Жамбыл облысында 0,5%, Батыс-Қазақстан облысында 0,5%, Қарағанды облысында 1,8%, Қызылорда облысында 0,3%, Ұлытау облысында 1%, Түркістан облысында 0,7%, Астана 1,3%, Алматы 0,2% және Шымкент 1,3% қалаларында.

**ЖКО-дан зардап шеккендердің саны 60 308 адамды** құрады, оның ішінде стационарға жеткізілгендер – 43 348 (71,8%), стационарға жеткізілгендер – 16 843 (38,9%).

Облыстық және қалалық ЖМЖ деректері бойынша 2024 жылдың 12 айында **ЖКО-дан барлығы 1 389 адам қаза тапты**, яғни зардап шеккендер санының 2,3%.

ЖКО-дан өлім-жітім құрылымы стационарға дейін (емдеуге жатқызуға дейінгі өлім-жітім), қабылдау бөлмесінде және стационарда қаза тапқандар қатарынан құралады.

ЖКО кезінде емдеуге жатқызуға дейінгі өлім-жітім көрсеткіші 1,2% - ға ұлғайды және есепті кезеңде 99,1% - құрады (2023 ж. 12 айында – 97,9%).

ЖКО кезінде ауруханаға дейінгі өлім-жітімнің жалпы санынан ЖМК бригадасы келгенге дейінгі өлім – жітім көрсеткіші 1 338 жағдайды (97,2%), ЖМК бригадасының қатысуымен-39 жағдайды (2,8%) құрады.

**Қабылдау бөлмесінде қаза тапқандар саны 5 адамды құрады** (ЖКО кезінде қаза тапқандардың жалпы санының 0,4%), стационарда қаза тапқандар саны да 7 адамды (0,5%) құрады.

#### **Жіті миокард инфарктісі:**

Ұсынылған деректер бойынша республика бойынша 2024 жылдың 12 айында ЖМИ-мен 26 670 қоңырауға қызмет көрсетілді, бұл қоңыраулардың жалпы санының 0,31% құрады (8 531 652). ЖМИ-мен шақыртудың ең жоғары деңгейі Алматы (0,59%), Жетісу (0,70%), Қарағанды (1,31%), Маңғыстау (0,47%) облыстарында және Шымкент (0,63%) қаласында байқалады. Өткен жылдың осы кезеңінде ЖМИ-мен 25 505 қоңырауға қызмет көрсетілді, бұл қоңыраулардың жалпы санының 0,30% құрады (8 568 761).



Тромболизис терапиясын (ТЛТ) жүргізу көрсетілген ЖМИ-мен жағдайлардың саны 3 727 жағдайды құрады (ЖМ-мен шақыртулардың жалпы санының 14,0%).


ТЛТ жүргізуге көрсетілген жағдайлардың санынан жүргізілген ТЛТ үлесі – 57,7% (877 жағдай) құрады.

ЖМЖ бригадаларының қатысуымен емдеуге жатқызуға дейінгі өлім-жітім 17,7% құрады (126 жағдай).

#### **Инсульт:**

Ұсынылған деректер бойынша республика бойынша 2024 жылдың 12 айында инсультпен 54 016 шақыруға қызмет көрсетілді (шақырулардың жалпы 8 531 652 санының 0,6%) оның ішінде қалада 42 824 шақыру, ауылдық жерде 11 192 шақыру.

## Өңірлер бойынша ЖМҚБ-мен шақыртулардың үлес салмағы, %



ҚР ДСМ клиникалық хаттамаларына сәйкес емдеудің тиімділігі тромбозды уақтылы жүргізуге байланысты. Осыған байланысты, инсультпен ауыратын пациенттерді қала тұрғындары үшін алғашқы 40 минутта және ауылдық жерлерде 3 сағаттан аспайтын уақытта инсульт орталықтарына емдеуге жатқызуды қамтамасыз ету өте маңызды.

Мәселен, қалада алғашқы 40 минутта II-III деңгейдегі медициналық ұйымдарға (инсульт орталықтарына) емдеуге жатқызылғандар саны 38 763 (97,9%) және ауылдық жерлерде 8 811 (87,3%) құрады.

2024 жылдың 12 айының қорытындысы бойынша ЖМК бригадаларының қатысуымен инсульт кезінде ауруханаға дейінгі өлім-жітім 4,2% - құрады (30 жағдай). Инсульт кезіндегі емдеуге жатқызуға дейінгі өлім-жітім негізгі аурудың ауырлығымен, сананың, тыныс алудың және жүрек-тамыр жүйесінің функцияларының бұзылуымен байланысты, олар бастапқы ошақтың орналасуы мен көлеміне, ілеспе патологияның болуына байланысты.

### Қорытынды

1. Қоңыраулар санының 0,4%-ға кемуі байқалады;
2. Кешігіп қызмет көрсетілген шақыртулар үлесі 0,7%-ға артқан;
3. Санитариялық автокөліктің тозуы 16,2%-ға артқан;
4. Табысты реанимация көрсеткіші 6,1%-ға артқан;
5. Емдеуге жатқызуға дейінгі өлім-жітім 0,01% - ға көтерілген.

### Проблемалық мәселелер:

- жедел медициналық жәрдем қызметін қаржыландыруды "әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" КЕАҚ деңгейінен жергілікті атқарушы органдардың қаржыландыру деңгейіне беру ықтималдығы.

- санитариялық автокөліктің жоғары тозуы байқалады Абай (73,5%), Ақмола (64,0%), Атырау (69,1%), Шығыс Қазақстан (63,0%), Батыс Қазақстан (86%), Қостанай (70,2%), Қызылорда (65,5%), Маңғыстау (75%), Павлодар (74,2%), Солтүстік Қазақстан облыстарында облыстарда (62,3%) және Астана (69,0%), Шымкент (75,0%) қалаларында байқалады;

– ҚР өңірлерінде ЖМЖ станциясын/қосалқы станцияларын салу қажеттілігі, өйткені ғимараттар үлгілік емес және ең төменгі санитариялық нормаларға сәйкес келмейді (салынған жылы: СҚО – 1905 ж., ШҚО – 1956 ж., Алматы – 2002 ж., Жамбыл – 1977 ж., Ақмола-1981 ж., Атырау-1994 ж., БҚО – 1948ж., Павлодар қ. – 1991 жыл);

- дәрігерлік кадрлармен аз қамтылу. 2025 жылғы 1 қаңтарға дейінгі жағдай бойынша дәрігерлік кадрлардың тапшылығы 471,25 штат бірлігін құрайды. Штат бірлігінің ең үлкен қажеттілігі Жетісу облысында – 69,75, Ақтөбе облысында – 62,25, Қарағанды облысында – 46,25, Алматы облысында – 46,75, Қостанай облысында – 24,75, Түркістан облысында – 34,00, Ұлытау облысында – 17,00, БҚО – 13,50, Маңғыстау облысында – 13,25, Солтүстік Қазақстан облысында – 5,50, Ақмола облысында – 9,0, Атырау облысы-8,0, Астана қаласы – 34,25, Алматы – 86,0.

### **Шешу жолдары:**

1. Инфляциялық тәуекелдерді, жалақыны арттыруды ескере отырып, тарифтерді жыл сайын қайта қарау;

2. ЖМЖС автопаркін жылына 10-15%-ке жаңарту бойынша қаржы лизингінің ұзақ мерзімді бағдарламасын әзірлеу мәселесін қарау;

3. Жедел медициналық көмекті жаңғыртудың Ұлттық жобасын әзірлеу (ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту түрі негізінде: қосалқы станциялар салу, жедел медициналық көмек көрсету паркін жаңарту).

4. ЖМЖ қызметінің инфрақұрылымын дамыту және жаңарту жөніндегі бағдарламалық құжатты әзірлеу;

5. Қосымша бригадалар құру;

6. ЖМЖ қызметкерлерін халықаралық стандарттар (BLS, ACLS, PALS, PHTLS) бойынша сапалы оқытуды жүргізу;

7. Қалалық (4 жыл) және ауылдық (5 жыл) санитарлық көліктердің тозу нормасы бойынша "Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы № 393 бұйрығына (1-қосымша) өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

8. Жергілікті атқарушы органдар деңгейіне қаржыландыруды беру бөлігінде жедел жәрдем станцияларын орталықсыздандыру.